

"Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды амбулаториялық емделу кезінде қосымша беру туралы" Қарағанды облыстық мәслихатының 2021 жылғы 25 ақпандағы № 34 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қарағанды облыстық мәслихатының 2022 жылғы 22 қарашадағы № 260 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 29 қарашада № 30783 болып тіркелді

Қарағанды облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды амбулаториялық емделу кезінде қосымша беру туралы" Қарағанды облыстық мәслихатының 2021 жылғы 25 ақпандағы № 34 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6207 тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат хатшысы

С. Утешов

Қарағанды облыстық
мәслихатының
2022 жылғы 22
қарашадағы
№ 260
шешіміне қосымша
Қарағанды облыстық
мәслихатының
2021 жылғы 25 ақпандағы
№ 34 шешіміне 1-қосымша

Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына қосымша берілетін амбулаториялық емдеу кезінде қосымша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, оның ішінде дәрілік заттар, арнайы емдік өнімдер, медициналық бұйымдар

1. Амбулаториялық емдеу кезінде диагноздармен (рецепт бойынша) қосымша тегін берілетін дәрілік заттар:

1) "Олодатерола гидрохлориді/Тиотропия бромид моногидраты" дәрілік заты - "Өкпенің созылмалы обструктивті ауруы" диагнозында;

- 2) "Канакинумаб" дәрілік заты - "Ювенильді идиопатиялық артрит" диагнозында ;
- 3) "Тоцилизумаб" дәрілік заты - "Ювенильді склеродермия" диагнозында;
- 4) "Иммуноглобулин G" дәрілік заты - "Ювенильді склеродермия" диагнозында;
- 5) "Адалимумаб" дәрілік заты - "Ревматоидты артрит" диагнозында;
- 6) "Метотрексат", "Метилпреднизолон" дәрілік заттары - "Қаптайтын тромбоангиит. Бюргер ауруы" диагнозында;
- 7) "Азацидин" дәрілік заты - "Гемобластоздар мен апластикалық анемияны қоса алғанда, гематологиялық аурулар" диагнозында;
- 8) "Тобрамицин" дәрілік заты - "Муковисцидоз" диагнозында;
- 9) "Метилпреднизолон" дәрілік заты - "Жүйелі склеродермия" диагнозында;
- 10) "Азатиоприн" дәрілік заты - "Бехчет ауруы" диагнозында;
- 11) "Белимумаб" дәрілік заты - "Жүйелі қызыл жегі" диагнозында;
- 12) "Ривароксабан" дәрілік заты - "Аяқ артерияларының облитерациялайтын атеросклерозы" диагнозында;
- 13) "Ривароксабан" дәрілік заты - "Жүрекшелердің созылмалы фибрилляциясы (жыпылықтайтын аритмия)" диагнозында;
- 14) дәрілік заты - "Блекфан-Даймонд анемиясы" диагнозында;
- 15) дәрілік зат - "Өкпе артериялық гипертензиясы" диагнозында;
- 16) дәрілік зат- "Эпилепсия" диагнозында;
- 17) дәрілік зат - "Аралас жасушалық-гуморальдық иммунитет тапшылығы" диагнозында;
- 18) дәрілік заттар - "Созылмалы идиопатиялық тромбоцитопениялық пурпура" диагнозында;
- 19) дәрілік зат - "Ювенильді идиопатиялық артрит" диагнозы кезінде;
- 20) дәрілік зат - "Бехтерев ауруы" диагнозында;
- 21) дәрілік заты "Мацитантан" - "Өкпе артериялық гипертензиясы" диагнозында;
- 22) дәрілік заты "Пеницилламин" - "Жүйелік склеродермия" диагнозында;
- 23) дәрілік заты "Кладрибин" - "Шашыраңқы склероз" диагнозында.

2. Амбулаториялық емдеу кезінде медициналық бұйымдар диагнозбен тегін: медициналық бұйымдар (рецепт бойынша) "буллезді эпидермолиз" диагнозы бар азаматтарға.